**Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 сәуірдегі N 2935 және 2002 жылғы 29 наурыздағы N 829 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 15 қазандағы N 1207 жарлығы

Қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Мемлекеттік наградалар жөнінде комиссия құру, оның құрамын және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 сәуірдегі N 2935 Жарлығына ( Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1996 ж., N 14, 108-құжат):

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия туралы ережеде:

8-тармақтағы "Аумақтық-ұйымдастыру" деген сөз "Ұйымдастыру-бақылау" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияның құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы N 829 Жарлығына:

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия мүшелерінің тізімі осы Жарлықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

Астана, 2003 жылғы 15 қазан N 1207

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 15 қазандағы N 1207 Жарлығына Қосымша

Қазақстан Республикасы Президентінің

2002 жылғы 29 наурыздағы N 829 Жарлығымен Бекітілген

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияның Құрамы**

Тасмағамбетов Иманғали Нұрғалиұлы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, Комиссия төрағасы

Тұрлыбаева Күлипа Оразбайқызы - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Ұйымдастыру-бақылау бөлімінің сектор меңгерушісі, Комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері

Әбілқатаев Марат Кәрімұлы - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Мемлекеттік-құқық бөлімі меңгерушісінің орынбасары

Гамарник Геннадий Николаевич - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым бірінші вице-министрі

Никитинская Екатерина Сергеевна - Қазақстан Республикасы Жұмыс берушілер конфедерациясының атқарушы директоры (келісім бойынша)

Ноғаев Сұлтан Кемалұлы - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Ұйымдастыру-бақылау бөлімі меңгерушісінің орынбасары

Сағдиев Мақтай Рамазанұлы - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Республикалық ардагерлер ұйымы кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)

Терещенко Сергей Александрович - Қазақстан халықтары Ассамблеясы Төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Тілеухан Бекболат Қанайұлы - Қазақстан Республикасының Мәдениет вице-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК